



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.



УДК 37.02
ББК 74.00

обучения по всем школьным дисциплинам. В работе по совершенствованию навыка чтения важна динамичность, формат соревнований или игры с целью избегания утомления и снижения мотивации к самостоятельному чтению.

Список литературы

1. Официальный сайт Р К. Выступление.
URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_sittings/prezident-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-chetvertom-zasedanii-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya
2. Грибова О.Е., Бесонова Т.П. Дидактический материал по обследованию речи детей. – М.: АРКТИ, 2000 (библиотека практикующего логопеда).
3. Пути решения орфографических проблем у младших школьников [Текст] // Молодежный научный форум: Гуманитарные науки: электр. сб. ст. по материалам XL студ. междунар. заочной науч.-практ. конф. – М.: «МЦНО». – 2016. – №11 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://nauchforum.ru/archive/MNF_humanities/11\(39\).pdf](https://nauchforum.ru/archive/MNF_humanities/11(39).pdf) (дата обращения: 15.10.2018).
4. Маматисакова Ф.М. Формирование навыков выразительного чтения в начальных классах / Ф.М. Маматисакова // International scientific review of the problems and prospects of modern science and education: collection of scientific articles LVII International correspondence scientific and practical conference (Boston, USA, 22-23 apr. 2019 г.) – Бостон, 2019. – С. 72-73.
5. Типовые учебные программы. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 27 ноября 2020 г. № 496. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.nao.kz/loader/fromorg/2/25> (дата обращения: 24.01.2022).
6. Оморокова М.И. Совершенствование чтения младших школьников: Методическое пособие для учителя. – М.: АРКТИ, 2001. – 160 с.
7. Цукерман, Г.А. Становление читательской грамотности, или Новые похождения Тяни-Толкая [Текст] / Г.А. Цукерман, Г.С. Ковалева, М.И. Кузнецова // Вопросы образования. – 2015. – №1. – С. 284-300.

ӘОЖ 379.81

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГ

Салиева Индира Есимбетқызы
магистрант
Бейсенбекова Гульмира Бекиновна
педагогика ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ
Қарағанды қ., Қазақстан
E-mail: ilya.sali@bk.ru

Аңдатпа

Мақалада білім беру жүйесіндегі педагог - психологтің алатын орны қарастырылған. Авторлар педагог-психологтің атақаратын қызметінің ерекшеліктерін, бүгінгі күні білім беру жүйесіндегі оқу - тәрбие үдерісін психологиялық - педагогикалық қолдауда көмекші маман иесі ретінде ашып көрсетеді. Оларға тән тұлғалық қасиеттерін сипаттайды.

Түйінді сөздер: педагог – психолог, педагог-психологтің маңызды тұлғалық сипаттамалары, педагог-психолог көмекші маман иесі.

Аннотация

статья рассматривается место педагога - психолога в системе образования. Авторы раскрывают особенности деятельности педагога-психолога, как специалиста помогающих профессий в психолого-педагогической поддержке учебно - воспитательного процесса в системе образования на сегодняшний день. Характеризует характерные для них черты личности.

Ключевые слова: педагог-психолог, важнейшие личностные характеристики педагога-психолога, педагог-психолог как специалист помогающих профессий.

Abstract

The article examines the place of a pedagogue-psychologist in the education system. The authors reveal the features of the activity of a pedagogue-psychologist a specialist of helping professions in the

psychological and pedagogical support of the educational process in the education system today. Characterizes their characteristic personality traits.

Keywords: *a teacher-psychologist, the most important personal characteristics of a teacher-psychologist, a teacher-psychologist as a specialist in helping professions.*

Заманауи білім беру көп қырлы, ол процесс, нәтиже және жүйе ретінде ғана емес, сонымен қатар құндылық ретінде де түсіндіріледі. Құндылық жеке, мемлекеттік және қоғамдық десек, онда қоғам өзінің ішкі жүйесі ретінде білім беруді прогрессивті дамытуға мүдделі. Қоғам өзгереді – білімде өзгереді. Бүгінгі күні техника мен басқарудағы жаңалықтар педагогикалық теория мен практикаға енді. Дәстүрлі білім беру парадигмасының ізгілікті, тұлғалық-бағдарланған білім беруге көшіп отыр. Осыған орай, білім беру жүйесінде психологиялық қызметті ұйымдастыру қажеттігі заңдылық. Оны ұйымдастыратын педагог-психолог мамандары қызмет етуде. Педагог-психолог – оқушылардың соматикалық, психикалық, денсаулығын сақтау мен дамуын және де олардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ететін маман. 2022 жылы № 18 бұйрығымен Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі "Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары" бекітілді десек, онда педагог-психолог өз қызметін диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырады [1].

Педагог-психологтың міндеттері, стратегиялары мен бағыттары білім беру жүйесінің ерекшеліктерін, маманның ғылыми және практикалық мүдделерін және оның клиенттерінің сұраныстарын ескере отырып нақтыланады. Білім беру жүйесіндегі әрбір мамандық үшін нормативтік, заңды пәрменді лауазымдық міндеттер мен өкілеттіктер әзірленді, қызметтік құжаттаманы ресімдеу нұсқалары көзделді, жұмыс уақытын бөлуге қойылатын талаптар қалыптастырылды, еңбекақы төлеу нормативтері белгіленді. Жас маман үшін кәсібиліктің жоғары деңгейі кәсіби құзыреттілікті де, белгіленген нормативтік талаптарды сақтауы.

Педагог-психолог қабілеттілік пен білім мен дағдыларының тұтас кешенін игерген жағдайда ғана жақсы маман бола алады. Тәрбие мен оқыту барлық педагогикалық құралдар өзара байланысты болған кезде немесе педагогикалық процесс тұтастық пен жүйелі сипатталса ғана тиімділігін көрсетеді. Педагогикалық процестің алғашқы белгісі, ортаның стихиялық және бақыланбайтын тәрбиелік әсерінен айырмашылығы, маманның жұмыс мақсаты мен әдістемесі туралы нақты хабардар болуында.

Педагог-психолог, кез-келген педагог сияқты, оқыту кезінде бірнеше іс-әрекеттерді орындауы тиіс. Олардың әрқайсысы оқушылардың толыққанды дамуы үшін маңызды. Ең маңыздысы - оқу процесін және әрбір нақты сабақты модельдеу, оқушылардың білімі мен дағдыларын меңгерту және дамыту, рефлексия, зерттеу.

Педагог-психологтың оқытушылық жұмысы педагогикалық принциптерге негізделуі керек: білім беру үдерісіндегі оқушылардың белсенділігі: - оқушылардың зерттелетін материалға деген қызығушылығын дамыту, қарым-қатынас диалогы (оқушылармен тең құқылы ынтымақтастық);

- диагностика (педагог-психологтың іс-әрекетінің негізінде оқушылардың оқу іс-әрекетін бақылау нәтижелері жатыр);

- оқу материалын бөлу оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастырушылық-мазмұнды оқу бірліктері;

- оқытуда оқушыларды қабылдау ерекшеліктерін есепке алу: оқушылардың танымдық стилі мен ақыл-ой даму деңгейін ескере отырып оқыту, топтық және жеке жұмыстың әртүрлі нысандарын қолдану, - оқу процесінде оқушылардың белсенділігі мен жауапкершілігін, оқушылардың өзін-өзі бағалауын, жеке және мәдени бірегейлігін дамыта отырып оқыту.

Сонымен қатар педагог-психолог білім беру жүйелерінде психологиялық қызметтің құрамына кіреді, онда үйлесімді әлеуметтік атмосфераны құруға және оқушылардың әлеуметтік дезадаптациясының пайда болуын алдын-алу бойынша іс-шаралар қабылдауға ықпал етеді.

Педагог-психолог оқушыларға оңалту көмегі мен психологиялық түзетуді және олардың ата-аналарына консультациялық көмек беруді көрсетеді. Педагог-психолог психофизикалық дамуы бұзылған, қолайсыз отбасы мен ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар мен мұқтаж балаларға қолдау көрсету үшін қажет маман иесі. Педагог-психолог психологиялық-педагогикалық білімдерді практикалық қолдану сұрақтарын қаңағаттандыру үшін мектеп педагогтарына консультациялар жүргізеді.

Педагог-психологтың тұлғалық ерекшеліктеріне орай, білім берудегі педагог-психологті - ғажайып адам деп тани отырып, оның кәсіби түрде ерекшелейтін жақтары төмендегідей:

- мүдделерінің кеңдігі мен тәуелсіз көзқарастары;
- қарым - қатынас орнатуға дайындығы мен оларды қолдауы;
- өзіне адамдарды эмоционалды тарту қабілетінің болуы;
- өзін және басқаларды тануға ұмтылуы.

Педагог-психологтің тұлғасына қойылатын талаптарға келсек, әрбір адам адамдармен жұмыс істеуге қабілетті емес. «Көмектесуші», адам тану мамандықтарының бірі ретінде педагог-психолог ақиқатқа ие. И.В.Вачков өз жұмысында "психологиялық көмек" ұғымы әлеуметтену, бейімделу кезінде қиындықтарды басынан өткергендерге, психологтың көрсететін көмегі деп берілген.

Педагог-психологтың маман ретіндегі кәсіби дағдылары көмекші гуманитарлық мамандықтарға тән кәсіпке мыналарды қамтиды:

- коммуникативті дағдылар (қарым-қатынас мәдениетін, өзарабайланысты оңтайландыру дағдысын меңгеруі және т. б.);
- қызметтік-рөлдік дағдылар (серіктестік қатынастарды орнату, рөлдік позицияларды өзгерту);
- ұйымдастырушылық дағдылар (әр түрлі әлеуметтік күш-жігерді үйлестіру клиенттің проблемаларын шешу жөніндегі қызметтер);
- жобалау дағдылары (басқа адамдарды тануға эмоционалды және когнитивті қабілеті);
- эмпатикалық дағдылар және басқаларға әсер ету құралдарын меңгеру адамдар.

Алайда, педагог-психологтың көмекші мамандықтардың маманы ретіндегі жетістігі бұл білім мен дағдылардың үйренген жүйесіне ғана емес, сонымен бірге жеке сапаларымен анықталады. Оларға эмоционалды сияқты сапаларына тұрақтылық, түйсігі, эмпатия, қарым-қатынас, ізгі ниет, шығармашылық, ұзақ уақыт бойы бір шешіммен айналысу мүмкіндігі проблемалар, әлеуметтік талаптардың жоғары деңгейі және т. б. жатады [2].

Іс жүзінде бұл педагог-психологтің кез келген клиенті оған өзінің жеке қасиеттерімен әсер ете алады және де өз мәселелерін орбитаға тарта алады (контрперенос). Бірақ психологиялық шындыққа ие бола отырып, көмек көрсететін маман да, көбінесе, жұмыс барысында осы шындықтың әр түрлі жақтарын қоса (тасмалдау) отырып әсер етуі тиіс. Бұндай өзара әсерлер оң және теріс болуы мүмкін.

Маманның міндеті, біріншіден, теріс әсер ету жағдайларында қарсылық көрсету қабілетін сақтау, өзінің психологиялық мәртебесін сақтау; екіншіден, позитивті әсер ету жағдайларында мәдени эмпатияны жүзеге асыру болып табылады. Бір тұлғаның екіншісіне әсері – бұл санаға, ерік-жігерге, эмоцияларға, олар арқылы - жалпы адамның мінез-құлқына және іс-әрекетіне әсер етеді. Ол түрлі психологиялық механизмдердің көмегімен жүзеге асырылады: сендіру, иландыру, еліктеу [3].

Сендіру – логикаға, дәлелдерге негізделген интеллектуалды-эмоционалды әсер ету. Оның мәні-адамның санасымен санасу. Демек, сендірудің табыстылығы ол сана дамуының (жалпы, жас, жеке) заңдарына сәйкес болуына байланысты. Сендіру сөздері түсінікті болуы тиіс, сендіру әсері – жеке тәжірибеге бағытталған, жаңа ақпараттың оптимизмділігі, проблеманы шешудегі баламалылығы, бастысы сендіру идеясын қайталау мен күшейту, сондай-ақ, клиентке деген сенімді көрсету.

Иландыру – бұл ақпаратты сыни емес қабылдауға және оған сәйкес көңіл-күйді, түсінуді және мінез-құлықты өзгертуге негізделген әсер ету. Иландырудың тиімділігі адамның жеке күшіне және басқа адамның иландыру дәрежесіне, сондай-ақ олардың арасындағы қарым-қатынастардың сипатына байланысты.

Еліктеу – эмоционалды көңіл-күйді (сезімдерді, эмоцияларды) тікелей беру арқылы сөзбе-сөз, тілдік емес (дауыс, интонация, екпін, ритм, тембр, ым-ишара, қимыл) құралдары арқылы беріледі.

Педагог-психологтің кәсіби жарамдылығын анықтайтын негізгі факторы, оның тұлғасының гуманистік бағыты. Іс жүзінде бұл әрбір адам өмірінің абсолюттік құндылығы туралы түсінік, жеке және әлеуметтік жауапкершілік, мейірімділік пен әлеуметтік-әділеттілік сезімі, жеке қадір-қасиетінің сезімі ретінде көрінеді. Басқа адамның қадір-қасиетін құрметтеу, шыдамдылық, сыпайылық, әдептілік, басқаларды түсінуге және оларға көмекке келуге дайын болуы. Педагог-психологтің маңызды тұлғалық сипаттамаларына «Мен» концепциясының үйлесімділігі, эмоциялық тұрақтылық, әлеуметтік бейімделуі жатады.

Кәсіби тұлғаның құрылымында интегралды сипаттамаларды атап өтуге болады (А.К. Маркова):

- а) маманның кәсіби өзін-өзі тануы, яғни кәсіпқой ретінде өзін көрсете білуі;
- б) іс-әрекет пен қарым-қатынастың жекеленген стилі – осы маманға тән кәсіби іс-әрекет пен қарым-қатынастың міндеттері, құралдары мен тәсілдерінің тұрақты үйлесімі;
- в) шығармашылық әлеует, яғни кәсіби міндеттерді стандартты емес деңгейде шешуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның бірегей, оның ішінде креативті қабілеттер кешенінің болуы.

Әртүрлі амалдарды салыстыра отырып, педагог-психолог мамандығына адамның осы кәсіби іс-әрекетті меңгеру мүмкіндігін куәландыратын кәсіби жарамдылықтың психологиялық критерийлерін бөліп көрсетуге болады:

- ойының ұшқырлығы мен ойының жылдамдығы;
- өзін-өзі реттей және өзін-өзі ұстай алуы;
- жұмыс істей алу қабілеттілігі, үлкен физикалық төзімділігі;
- қиын жағдайларда адамдарға көмектесе алу қабілеттілігі;
- адам мен оның проблемаларын сезімталдықпен сезіне алуы;

- балаларға деген махаббаты мен эмпатиясының болуы;
- оптимистік тұрғыдан болжай алуы;
- креативтілік-шығармашылыққа деген қабілеттілігі.

Қорыта келе, білім берудегі психологиялық қызмет педагог-психологтың әрқилы жастағы балалармен, олардың тәрбиешілерімен, мұғаліммен және ата-анасымен қарым-қатынасқа түседі, олардың барлығының назарында оқушының жеке басын қалыптастыру мәселесі басты орында тұрады.

Педагог-психолог ұғымы бойынша көмекші мамандықтардың маманы ретінде түсініледі - интегралды кәсіби және жеке қасиетімен маманның әлеуметтік белсенділігімен сипатталатын және анықталатын оның дайындығы мен кәсіби шеберлігін орындау қабілеті міндеттері және кәсіби құзыреттерге негізделген. Педагог-психолог педагогтерді алмастыра алмайды. Олардың бір-біріне деген сенімі, дұрыс қарым-қатынасы жұмысты табысты етеді. Баланы оқыту және тәрбиелеу міндетін шешу білім беру ұйымдарындағы барлық педагогикалық ұжымның әрекеті осыған байланысты әр педагогтан кәсіби шеберлікті, терең ақыл-ой мәдениетін талап етеді.

Педагог-психолог пен педагогтің бала тәрбиесіне келудегі бірлестік психологиялық қызметті ұйымдастырудың басты шарты ретінде қарастырылады. Өзара әрекеттің сәттілігі көбіне педагог-психологтің позициясына байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://adilet.zan.kz/kaz/> _Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары. - Астана 2022
- 2 Сапарғалиева А.Ж. Совершенствование профессиональной подготовки педагога-психолога как специалиста помогающих профессий. 6D010300 – педагогика и психология. Диссер. на соискание ученой степени доктора PhD. - Талдықорған, 2015
- 4 Бейсенбекова Г.Б., Карманова Ж.А. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет. - Қарағанды: Medet- Group, 2022. - 195 б.

ӘОЖ378.1

SOFT SKILLS ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА ӨЗЕКТІЛІГІ

Санатбай Перизат Айбекқызы
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» ББ-нің
1 курс PhD докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан

Шалғынбаева Қадияша Қадыровна
Ғылыми жетекші п.ғ.д., профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан

Таукелова Анар Еламанова
аға оқытушы, Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық институты,
Арқалық, Қазақстан

Андапта

Мақалада ұйым қызметкерлерінің жұмсақ, икемді soft skills дағдыларын дамытудың өзектілігі мәселесі қарастырылады. Авторлар қызметкерлердің softskillsy дағдыларын дамытуға арналған халықаралық компаниялардың, шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдап, деректерді жинақтап, мамандардың осы дағдыларды дамытудың ең тиімді шарттары туралы тұжырымдар жасады. Шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін талдау нәтижелері және өз тәжірибесінің негізінде авторлар өз жұмыстарында softskills дағдыларын дамытудың үлгі моделін сипаттайды.

Түйінді сөздер: заманауи қоғам, soft skills дағдылары, hard skills дағдылары, коммуникация.